

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажиліс Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2022 жылғы 30 қарашада жарияланды

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары - Қаржы министрі  
Е.К. Жамаубаевқа**

### ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

#### **Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы!**

Мемлекет Басшысы өз Жолдауында ұлт саулығы жақсы болса ғана қоғам орнықты дамитынын атап өткен болатын.

Туберкулез - әлемдегі ең көп таралған және қауіпті жұқпалы аурулардың бірі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, 2020 жылы 1,5 миллион адам туберкулезден қайтыс болды, бұл әлемдегі адам өлімінің негізгі он себебінің бірі.

Қазақстан әлі күнге дейін мультирезистентті ТБ ауыртпалығы жоғары 30 елдің қатарына кіреді (*ДДҰ деректері бойынша*). 2021 жылмен салыстырғанда туберкулезбен сырқаттанушылық көрсеткішінің 3,7% - ға өсуі байқалады. Таралу көрсеткіші 1,9% - ға ұлғайып келеді (2021 жылы 49,5-ке қарсы 100 мың тұрғынға 50,4).

Осы деректерді ескере отырып, емнің амбулаториялық кезеңінде туберкулезбен ауыратын науқастарға әлеуметтік қолдау көрсету өте маңызды екеніне назар аударамыз.

Ұзақ мерзімді ем қабылдайтын пациент (бір жылдан 2 жылға дейін) әдетте жұмыссыз қалады. Осы кезде оған әлеуметтік қолдау қажет.

Жергілікті атқару органдары туберкулезбен ауыратын науқастарға әлеуметтік көмекті есептеудің бірыңғай тетігінің болмауы себебінен науқастарға әлеуметтік көмектің еселігі мен мөлшерін айқындау жөнінде әр түрлі түсінікте шешім қабылдайды.

Аурудың жұқпалы сипатына, емдеу кезеңінде туберкулезбен ауыратын науқастардың патогенетикалық терапия қажеттілігіне байланысты, емдеу орнына дейін және кері қайтар жол шығындарына (орташа алғанда емдеу ұзақтығы 20 ай болғанда), алынатын химиотерапияның әсерін арттыру мақсатында толыққанды тамақтану үшін қаражаттың жетпеуіне қарамастан, отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысының артуы себебінен пациенттерге әлеуметтік төлемдер көрсетуден бас тартулар орын

алып отыр. Ауру науқастардың көбісі, бұл "жоғары тәуекел" тобындағы адамдар (үйсіздер, алкогольге және есірткіге тәуелділіктен зардап шегетін адамдар, аз қамтылған отбасылардан, ата-аналары мүгедек, зейнеткер, көп балалы отбасылар және т.б.) осыған байланысты туберкулезбен ауыратын науқастарға әлеуметтік көмек бөлу мәселесін қарау кезінде отбасының жан басына шаққандағы орташа табысын есепке алу қолайсыз деп санаймыз.

Әр аймақта әлеуметтік көмек әр түрлі есептеледі. Өтеу сомасы Алматының республикалық маңызы бар қалаларынан облыс орталықтары және ауылдық өңірлер арасында айырмашылық байқалады. Бұл айырмашылық қаланы әлеуметтік қолдауға жүгінгендердің көбеюіне ықпал етеді. Адамдар жол шығындарын (әлеуметтік қолдау) алу үшін қаладағы туыстары арқылы қалалық емханаға тіркелуге тырысады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып:

- туберкулезбен ауыратын науқастарға өңірлерде әлеуметтік көмекті есептеудің бірыңғай тетігін енгізу мақсатында "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына (08.09.2020 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулар) өзгерістер енгізу;

- ЖАО ҮЕҰ гранттарын ұлғайту мүмкіндігін қарастыру қажет деп санаймыз.

Жауабын заңнамада белгіленген мерзімде беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,  
«АМАНАТ» партиясы Фракция мүшелері**

**З. Камасова  
Г. Нұрымова  
Ж. Телпекбаева  
Ә. Әбсеметова  
А. Нұркина  
Ф. Қаратаев**

*орынд. Болатбаева О.Е.  
74 63 51*